**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 23 желтоқсан N 1589. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1997.04.01. N 450 қаулысымен. ~P970450

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес осы аппарат қызметкерлерінің шекті саны негізінде 140 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне министрдің 5 орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасарын, сондай-ақ саны 13 адамдық алқа ұстауына рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің орталық аппараты үшін 6 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1741 қаулысының 1 тармағының үшінші абзацы, 2-5 тармақтары (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ғы 1995 ж., N 38, 493 

құжат);

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1741 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 маусымдағы N 687 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1996 ж., N 26, 217-құжат).

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 23 желтоқсандағы
N 1589 қаулысына
қосымша

# Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі орталық аппаратының құрылымы

Басшылық
Заңдар бас басқармасы
Заңды тұлғаларды тіркеу басқармасы
Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеу басқармасы
Соттардың жұмысын ұйымдастыру басқармасы
Халықаралық құқықты қамтамасыз ету басқармасы
Кадр басқармасы
Қаржы басқармасы
Ұйымдастыру-бақылау басқармасы
Заңдарды кодификациялау және жүйелеу бөлімі
Ведомстволық нормативтік актілерді тіркеу бөлімі
Халыққа заң қызмет көрсету бөлімі
Құқықтық насихат бөлімі
Материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК